



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 31 тамыз

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 197

город Балхаш

Қарағанды облысының
«Балқаш қаласының білім бөлімі»
ММ жалпы орта білім беру
ұйымдарының оқушыларын
ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № 359 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және 2021 жылғы 28 қазандағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

001571

1. Қарағанды облысының «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ жалпы орта білім беретін (гимназия, лицей) және мектеп –интернаттары директорларына:

1) 2022 жылғы 2 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2) 2022 жылғы 2 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.
сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген бірыңғай ас мәзірі пайдаланылсын.

2. Қарағанды облысының «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ жалпы орта білім беретін (гимназия, лицей) және мектеп –интернаттары директорларына:

1) Ереженің 2-тарау 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларға сәйкес 1 - 4 - сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11 - сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген бірыңғай ас мәзірі пайдаланылсын.

2) Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3) Бұйрықтың көшірмелері жоғарыда көрсетілген білім беру қоманалды мемлекеттік мекемелеріне орындау үшін жіберілсін.

4) Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



Г.Агдарбекова